



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 27 наурыз

ҚАЗАҚМЫС ТОБЫНЫҢ 2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ АУДИТТЕЛГЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Қызметтің алдын ала нәтижелері туралы жасалған бұл есепте Топ акциялар пакетінің 26 пайызын иеленіп отырған үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетілген ENRC компаниясының аудиттелмеген пайдасындағы тиісті үлесті қоса алғанда, 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі Қазақмыс Тобының біріктірілген қаржылық аудиттелген нәтижелері келтіріп отыр.

2011 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- Топтың EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) металлдарға деген бағамдардың жоғарылауы жағымды ықпал етуінің арқасында 2 925 млн АҚШ долларын құрады
 - Бірлескен кәсіпорындар мен қызметтерін доғарған еншілес компаниялардан 1 959 млн АҚШ доллары
 - ENRC тарапынан 966 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі салым.
- Мыс өндірісінің бәсекеге қабілетті өзіндік құны фунтына 114 АҚШ центрі болды
 - Өзіндік құн 2011 жылдың басында белгіленген болжамдарға сай келді
 - Өзіндік құнның жоғарылауы 2012 жылы да тау-кен руда саласының жанжақты проблемасына айналып отыр
- Жыл ішіндегі Базалық Пайда 1 498 млн АҚШ доллары деңгейінде болды
 - ENRC тарапынан 465 млн АҚШ доллары болды
 - Базалық Пайдаға негізделген әрбір акцияға келетін пайда 2.80 АҚШ центріні құрады.
- Бухгалтерлік баланс 2008 жылдан бері алғаш рет өзінің орнына таза келді
 - Таза өтімді қаражат жыл соңындағы жағдай бойынша 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 350 млн АҚШ доллары болған мөлшермен салыстырғанда, 19 млн АҚШ долларын құрады.
 - ENRC акциялары пакетінің нарықтық құны 2012 жылдың 26 наурызындағы жағдай бойынша 3,328 млн АҚШ долларын құраған.
 - Ірі жобалар мен шағын көлемді жобалар үшін 4.2 млрд АҚШ доллары сомасына ұзақмерзімді қаржыландыру қамтамасыз етілген.
- Дивиденд және акционерлердің пайдасы
 - Әрбір акцияға 20.0 АҚШ центрі мөлшерінде соңғы қорытынды дивиденд 2012 жылдың 1 наурызында жарияланды
 - Жыл ішіндегі әрбір акцияға 28.0 АҚШ центрі болатын сома 2010 жылдағымен салыстырғанда 27 пайызға жоғарылаған.
 - Акциясына 904 пенстен келетіндей орташа бағамда 110 млн АҚШ доллары сомасына меншікті акцияларды сатып алу аяқталды.

\$ млн (егер өзгеше көрсетілмесе)

	2011	2010
Өткізуден келген пайда ¹	3,563	3,237
Пайдалар ² :		
Топтың EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда)	2,925	2,835
Салық салынғанға дейінгі пайда	1,623	1,592
Базалық Пайда	1,498	1,489
Акцияға келетін пайда ² :		
Негізгі және молайтылған (\$)	1.75	2.71
Базалық Пайдаға негізделген (\$)	2.80	2.79
Ерікті ақша ағыны ³	824	718
Мыстың қосарлы өнімдерден түскен пайданы шегергеннен қалған ақшалай өзіндік құны ⁴ (цент АҚШ/фунт)	114	89

¹ Тек жалғасып келе жатқан қызметтен.

² ENRC қызметінің жарияланған қызметінің аудиттелмеген нәтижелерін қосқанда.

³ Материалдық және материалдық емес активтерді жаңартуға капиталдық сипаттағы шығындарды шегергендегі операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны.

⁴ Сатылып алынатын концентратты санамағанда, қосарлы өнімдерді өткізуден түскен пайдаларды шегергеннен Kazakhmys Correg операциялық ақшалай қаражаттарындағы жалпы соманың катодты теңгерімдегі мысты өткізу көлеміне ара-қатынасы.

Топтың қаржылық бас директоры Мэтью Херд берген түсініктеме: «2011 жылдың ішінде Топтың кәсіпорындары ақшалай қаражаттарының тұрақты шоғырландыруларын жалғастыра түсті, ол толықтай жыл ішіндегі жылдық дивидендіміздің 27 пайызға артуында байқалып, акцияларды кері қайтара сатып алу бағдарламасының одан әрі жүзеге асырылуына септігін тигізді. Бухгалтерлік баланста таза орынға қол жеткізілуі, сонымен қатар, компанияның өндірісін ұлғайту жобаларын жүзеге асыру үшін 4,2 млрд АҚШ доллары мөлшерінде ұзақмерзімді қаржыландырылуын қамтамасыз етілуі үшін жағымды жағдайлар туғызып отыр».

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Зүлфира Мұхамедиярова	БАҚ-мен байланыс жөніндегі аға менеджер	Тел: +7 727 3304 556

Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.